Тяжело мне рассказывать о войне, - говорит Касым Джунусович. - Сколько жизней унесла она, все еще не заживают душевные раны, нанесенные ею, до сих пор мучает людей боль утрат. Но нынешнее поколение должно знать правду о войне, чтобы не повторилась выпавшая на нашу долю трагедия...

Молодой лейтенант, командир пулеметного взвода Касым Джунусов принял свое боевое крещение в боях в составе 53 армии Степного фронта, которая наносила гитлеровцам главный удар в сражениях за Харьков. В этих боях пулеметчики отлично справились с заданием, обеспечив проход разведчиков, возвращавшихся из вражеского тыла с «языком». Наши войска дважды проводили наступательные операции по освобождению Харькова. Пулеметный взвод Джунусова проявил героизм в этих боях. Когда советские войска вошли в город, всюду были видны следы зверств фашистов. Там, где раньше стояли красивые здания, лежали руины. Позже выяснилось, что на территории госпиталя гитлеровцы расстреляли около 450 бойцов и командиров Красной Армии. Как свидетельствуют исторические документы, более 60 тысяч харьковчан было уничтожено в концлагерях...

Взвод Касыма Джунусова в составе частей Красной Армии, очищающей от вражеских полчищ Украину, продвигался вперед, в январе 1944 года после тяжелого ранения, полученного в одном из боев, он был эвакуирован в Читу. Впереди лежали еще сотни километров военных дорог. После выздоровления Касыма Джунусовича перевели на Забайкальский фронт. Сопки Маньчжурии, горные хребты Большого Хингана, пустынные просторы Гоби - все эти легендарные края прошагал он в то горячее время.

...Много лет тому назад ветерану довелось побывать в Харькове. И он был восхищен тем, как преобразился город за два-три десятилетия. Его приветливо встретили восстановленный после

полного разрушения железнодорожный вокзал, залеченные от ран войны улицы и скверы. Он видел счастливые лица молодых людей, которые знают о войне только по книгам и фильмам. А бывший пулеметчик помнит все - свою боевую молодость, павших за Родину молодых парней, жаркие бои и холодные, тревожные ночи Забайкалья.

Редко можно видеть Касыма Джунусовича при боевых наградах. Разве что в Дни Победы, когда у Вечного огня собираются ветераны. И его можно понять - ведь не ради славы и награды воевал он на фронте.

Опубликовано в газете «Северный Казахстан» 8 сентября 2008 г.

САМОЙЛЕНКО Виктор Владимирович,
персональный пенсионер
Республики Казахстан

СЛОВО О КАСЫМЕ ДЖУНУСОВЕ

Наши с Касымом Джунусовичем жизненные пути пересекались дважды. В уже далекие семидесятые годы на партийной работе, а спустя много лет - в рядах областного совета ветеранов. Его восьмидесятипятилетний юбилей стал приятным поводом сказать о нем добрые слова. Человек он основательный, настоящий аксакал. Жизнь не раз испытывала Касыма на прочность. В раннем детстве - голод и безотцовщина, работа подростком в колхозе, а там и война накатила. Воевал на западе и на востоке, был ранен, вернулся победителем, познав цену жизни и её главный урок - надо учиться. Выучился и стал уважаемым в ауле человеком - учителем.

Его отношение к делу, ответственность заметили, поручали серьезные участки работы, а затем доверили руководство отделом науки и учебных заведений Северо-Казахстанского обкома Компартии Казахстана. Тут сгодились опыт прожитых лет и характер. Я бы назвал Касыма Джунусовича спокойным беспокойным человеком. Никогда не принимал он поспешных решений, не рубил с плеча, и в то же время болел за дело всей душой, жил общественным интересом. По роду своей деятельности ему приходилось иметь дело с учеными, педагогами, врачами - людьми образованными, самодостаточными. В кадровых вопросах он был дальновидным.

Работать с людьми ему всегда помогали природный такт и чувство юмора. Среди многих наград, которыми Касым был отмечен, есть орден Дружбы народов. Убежден, что он ему соответствовал и ныне соответствует. В нем органично сочетаются патриот Казахстана и интернационалист.

О его общественном интересе убедительно свидетельствуют публичные выступления - деловые, актуальные, критичные. Касыма Джунусовича волнуют застройка областного центра, духовная жизнь сельчан, судьба городского парка и многое другое. Детище Джунусова - городской клуб ветеранов. Уже многие годы является он душой этого объединения пожилых людей и ныне по-прежнему живет их заботами.

Стремление Касыма Джунусовича, невзирая на годы, быть в строю, его оптимизм поддерживают супруга, дети, которые не подводят авторитет отца.

ЖАҚЫПУЛЫ Мнайдар,
Қазақстанның дербес зейнеткері,
соғыс және еңбек ардагері

АРДАҚТЫ АЗАМАТ

*Жақсының ізгілігі азбайды,
Жүрегі алаулап маздайды,
Ешкімге олар ор қазбайды!*

Қасым Жүнісұлы өмірге мамыр айы 1924 жылы Аралағаш ауылында дүниеге келді. Сол елдің тұрғындары Атығайдың Әлмамбетінен тарайды. Марқұм менің шешем Рабиға Мырзабайқызы да сол ауылдан. Сондықтан Қасым маған ағайын болып келеді. Әкешем оны қатты сыйлайтын еді. Қасым әкеден ерте айрылып, қиындықты ерте көріп өскен. Әсіресе 29-30 одан кейінгі жылдардың аштығын басынан өткізген. Ауыл жұртының жартыдан асары аштықтан қырылып, кейбір үйлердің түтіні сөнген. Сол жылдарды есіне алса, көзіне жас алады. Бертін келе ауылдан жеті шақырым Көкшетау тас үстіндегі Рублевкаға жаяулап, жалпылап келіп 4 сыныпқа оқуға түседі. Ол кезде машина катысы жоқ, көліктер аз жүретін кез ғой. Қыстың аязды айында, жаздың жаңбыр шашынында жалаң аяқ, жалаң бас жүріп, оқуын аяқтады. Тегі содан болар алдына

қойған мақсатқа қол жеткізбей қоймайды. “Биік мансап-биік жартасқа әрмелеп жылан да шығады, қалықтап ұшып қыран да шығады”, - деген Абайдың сөзі еске түседі.

Қасым 1941 жылы 9 сыныпты бітіреді, 1942 жылдың қыркүйек айында әскерге алынып, Өзбекстанның Термез деген қаласындағы әскери училищесін бітіргеннен кейін 1943 жылдың қазан айынан бастап 1944 жылдың қаңтар айына дейін пулемет взводының командирі болып, талай Отан соғысының қырғынына қатысады. Соның ішіндегі ең үлкен Курск доғасы аталған шайқаста болып, 1944 жылдың қаңтарында ауыр жарақатпен сонау шығыстағы Чита қаласындағы эвогоспитальда емделеді. Қасекең сол соғысты еске алып былай дейді: «Жасымда көрген қиындықтан аман қалып едім. Алдымдағы көрер қызығымды алла тағала ескерген болар, аман-есен ажалдан құтқарды ғой». Соңғы соғыста алға қарай жүгіріп келе жатқанда, арттан жарылған снарядтан бірнеше солдаттармен бірге жер астында қалған. Түн бола сол майданда қаза болғандарды жинауға бір топ солдаттар бізді жер астынан қазып алып анадайда ағаша тұрған арбамен көметін жерге алып барып, арбадан түсіріп жатқанда, Қасекең ыңырсыған көрінеді. Оны бір солдат естіп қалып, бетін шаң-тозаңнан тазартып, Қасекеңді танып қалады. «Мынау біздің взвод командирі ғой», - деп, екінші көлікпен дала госпиталіне жеткізіпті. “Егер есім кірмесе, сол қалпына тірідей қаза болғандармен бірге көміліп қалған болар едім. Сондықтан аллаға күнде құлшылық етіп, ризалығымды білдіремін”, - деп, еске алады қарт жауынгер.

Дала госпиталінен емделіп шыққан соң, Забайкал округіндегі эвогоспитальға емделуге жіберілді. Жарасы жазылғаннан кейін 1945 жылдың тамызында Манчжурияда Жапон соғысына қатысып, 1947 жылы жеңіспен елге оралды. Сол жылы Қызылжар қаласындағы мұғалімдер институтына түсіп, 1949 жылы жақсы бағамен аяқтады. 1949 жылдың қарашасында облыстық қауіпсіздік органына қызметке алынады. Онда Қасекең 1954 жылдың қазан айына дейін оперативтік жұмыста болып, өзімен істес жолдастарының арасында үлкен абыройға ие болды. Партиялық жұмысқа ауысуына байланысты органнан запасқа шығады. Қазір запастағы полковник.

Өзінің білімділігінің арқасында обком партиясының орта және жоғары мекемелерінің бөлім бастығы болып, зейнетке шыққанша қызмет атқарды. Обкомда қызмет істегенде өте абыройлы болды. Үлкен азаматтар оны сыйлап қай жағынан болса да ақыл кеңестерін беріп қолдау көрсетті, олардың ішінде Сақан Құсайынов, обкомның екінші хатшысы Ануарбек Иманов, университетінің ректоры Қанаш Шәкенов тағы басқалары болды. 60-70 жылдарда облыста қай жағы

болмасын жұмыстың өте табысты кезі болды. Әсіресе құрылыс жағы. Сол кезде Қасекеңнің көмегінің арқасында қолхоз-совхоздардың орталығында 150 онжылдық мектептер және бірнеше фельдшерлік орталықтар салынды. Облыс орталығында бірнеше балабақша салынып, балаларды орналастыру қиындығы жойылды. Мұғалімдерге және дәрігерлерге қол ұшын беріп, тұрмыс жағдайларын жақсартуға көп көмек көрсетті. Қасекең бір беткей айтқанынан қайтпайтын, уәдеде тұратын, қатаң тәртіпті сақтайтын адам. Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін және бейбіт уақыттағы қажырлы еңбегі үшін үкімет пен партия бағалап, Қызыл Жұлдыз, Ұлы Отан соғысының II дәрежелі ордендерімен, Халықтар достығы ордендерімен, Герман-жапон соғыстарының жеңісті медальдарымен, Еңбек Ерлері, Маршал Жуков және басқадай сегіз юбилей медальдарымен қатар жоғарғы мақтау грамоталарымен марапатталды.

1950 жылы отбасын құрып, Иранбағы Рамазанқызына үйленді, екі ұл, екі қызы бар. Балаларының бөріне жоғарғы білім алғызып, тәрбие беріп, өсіріп келеді. Әйел баласы Жаңылжан қазіргі уақытта Астанада тұрады. Докторлық атағы бар. Екінші әйел баласы Ботагөз де докторлығын биыл қорғайды, семьясымен Павлодарда тұрады. Ер баласы Болат дәрігер-кардиолог, қаладағы №2 ауруханада қызмет істейді. Ең кішісі Мұрат Москваның Мемлекеттік Университетін бітіріп, Алматыда бір фирманың компьютерлік программисі болып істейді. Шүкіршілік дейік, балаларының бөрі де өзіне тартқан, тәртіпті, өнегелі адамдар. Біз отбасына, балаларына тек денсаулық, бақыт тілейміз.

Сексен беске келдің міне, жабан желдей,
Өткен өмір кетті әне – аққан сеңдей.
Жақсылығын алып қал, жаман кетсін,
Жасай бер жүзге дейін ырық бермей.
Ал досым құтты болсын 85 жасың,
Өмірдің көтеріп ең ауыр тасын.
Талай толқын қиындығын жарып өттің,
Аман бол, көріскенше шын ықыласым.

МУКАНОВ Кайролла,
ветеран педагогического труда,
журналист-краевед

ЧЕРЕЗ ВСЕ ИСПЫТАНИЯ

В начале 30-х годов теперь уже прошлого XX века в аулах начался страшный голод. Умирали иногда сразу целые семьи. Не обошло горе и семью Кожакмета, проживавшего в Аралагаше. Когда он умер от голода, жена Рахила осталась с восьмилетними двойняшками Ханджаймом и Касымом и четырехлетней Хайнижамал. Из-за тяжелой жизни мать вынуждена была отдать двух детей в детский дом, оставив возле себя только сына Касыма

- Стучались дни, - вспоминает Касым Жунусович Жунусов, - сюда совершенно нечего было есть. Тогда кипятили в горячей воде джуру лошади или коровы, различную конскую сбрую из кожи и это ели.

Но Касым сумел окончить первый класс в аульной казахской школе. Однако потом, испытывая различные невзгоды, мать решила отдать его в детдом. Услышав об этом, младший брат отца Жунус, несмотря на тяжелую жизнь своей семьи, забирает Касыма к себе. А осенью отдает его в Рублевскую русскую школу. Здесь из-за того, что Касым почти не знал русского языка, посадили его снова в первый класс. Однако смывленный и заинтересованный в учебе мальчик быстро освоил русский язык и стал одним из лучших учеников.

Вместе с ним учился его друг односельчанин Сеилбек Тлеулин. В 1940 году они окончили 7 классов Рублевской семилетней школы. «Дальше продолжать учебу не было возможности, - вспоминает Касым Жунусович, - поэтому работал в колхозе счетоводом, затем возил горячее на быках».

А в октябре 1942 г. был призван на воинскую службу и направлен в Ташкентское училище пулеметчиков. В начале 1943 года 25 лучших курсантов, досрочно окончивших училище и получивших офицерское звание, бросили в самое пекло боев. Касым был командиром пулеметного взвода в составе 214-й стрелковой дивизии 53-й армии Степного фронта, которым командовал маршал И.С. Конев.

После победы советских войск на Курской дуге Касым участвует в освобождении Харькова, Полтавы, Кременчуга и доходит до Кировограда. В одном из боев осколки вражеского снаряда повредили обе ноги Касыма. Несколько часов лежал он без сознания.

И хорошо, что его нашли, подобрали и привезли в санбат, оказали первую медицинскую помощь и отправили сначала в Харьковский госпиталь, а затем лечили целых 8 месяцев в Читинском.

Осенью 1944 г. Касым после выздоровления был направлен в 31-й укрепрайон Читинской области. Когда была по договору с союзниками объявлена война Японии, захватившей Китай, участвовал в освобождении городов Хайлара, Харбина. Лишь в апреле 1947 года был демобилизован.

Вернувшись домой, Касым решил в первую очередь продолжить учебу и поступить в Петропавловский двухгодичный учительский институт. Но для этого нужно было иметь аттестат о среднем образовании. А у него имелось только свидетельство об окончании семилетней школы. Экстерном сдал экзамены за курс средней школы и получил необходимый аттестат зрелости.

Успешно окончив учительский институт, работал учителем истории и завучем в Ильинской семилетней школе Ленинского (ныне Есильского) района. Но долго работать не пришлось. Бывшего фронтовика, подающего большие надежды учителя пригласили в обком партии и направили на службу в областное управление Комитета государственной безопасности. А еще через 4 года он становится инструктором отдела агитации и пропаганды Петропавловского горкома партии, затем заведует парткабинетом.

В 1958 г. Касым Жунусович заочно окончил исторический факультет Омского пединститута, а в 1965 г. - Алма-Атинскую ВПШ и до 1967 года трудился заместителем заведующего отдела пропаганды и агитации обкома партии. А с 1967 года целых 18 лет до ухода на заслуженный отдых работал заведующим отделом науки и учебных заведений обкома партии.

Касым Жунусович с особой теплотой и благодарностью говорит о руководителях: облоно В.И. Сакуне, облздравотдела - В.Н. Новосельцеве, начальнике управления профтехобразования С.М. Любых, ректоре пединститута К.Ш. Шакенове, директоре педучилища И.П. Залманове, с которыми ему довелось работать. Ему есть что рассказать, что вспомнить. И хотя Касым Жунусович давно на пенсии, но не сидит дома сложа руки, а по-прежнему, занимается общественной работой. В 1989 году по инициативе активистов областного совета ветеранов был создан клуб «Ветеран», которым вот уже в течение 15 лет он руководит. Помимо всего прочего Х.Жунусов - частый гость в школе-интернате для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей.

За ратные и трудовые достижения Х.Ж. Жунусов был награжден орденами Красной звезды, Отечественном войны II степени, «Дружбы народов», «Курмет» («Почет»), медалями.

Вместе с супругой Ириной Жазитовой вырастил и воспитал четырех детей. Все они получили образование и работают в различных отраслях науки и хозяйства страны.

Старшая дочь Жанылжан - доктор политических наук, профессор, член Академии политических наук; зав. кафедрой Дипломатической академии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, автор нескольких научных книг,

Булат - врач-кардиолог высшей категории, главный специалист отделения кардиореанимации городской больницы №2.

Ботагоз - кандидат биологических наук, доцент, зав. кафедрой биологии Павлодарского университета имени С.М. Торайгырова.

Мурат - экономист.

Внучка Акбота в 2001 г. окончила университет «Туран», в настоящее время служит в представительстве ООН в Казахстане.

Вторая внучка Карлыгаш, окончила Евразийский национальный университет им. Л.И. Гумилева.

Правнуку Ерболату еще только 2 года, он - любимец бабушки и бабушки.

Персональному пенсионеру республиканского значения Жунусову Касыму Жунусовичу исполняется 80 лет. Поздравить его с этой знаменательной датой приехали из разных уголков страны дети, внуки, правнуки, многочисленные друзья и товарищи, родственники.

Пожелаем и мы ему здоровья и счастливого долголетия.

Опубликовано в газете «Северный Казахстан» 2 июня 2004 г.

СӨЗІ ДЕ, ІСІ ДЕ - ӨНЕГЕ

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын»
Халықтың мақалы

1971 жылғы желтоқсан айының бас кезінде осы күнгі Шал ақын (бұрынғы Сергеев) ауданындағы Городецк орта мектебінде директор болып істеп жүрген мені облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасарлығына шақырды. Менің ризашылығымды алғанан кейін сол кездегі дәстүр бойынша оқу бөлімнің меңгерушісі В.И. Сақун мені алдымен облыстық партия комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі Қ.Ж. Жүнісовқа, одан кейін обкомның екінші хатшысы Ә.Н. Шмановтың қабылдауына апарып таныстырды. Осы екеуінің келісінмін алғаннан кейін Виталий Иванович Сақун мені өзінің орынбасарлығына тағайындап, бұйрық жазды.

Міне, содан бері 38 жыл болып қалыпты. Сол кезден бастап Қасекең зейнеткерлікке шыққанға дейін (1985 ж.) мен оның қарамағындамын деуге болады. Өйткені облыстағы барлық мектептер, балабақшалар, кәсіптік-техникалық, училищелер, жоғары және орта арнаулы оқу орындары оның қарауында болатын. Осындай ұланғайыр жауапты жұмысты Қасекең күш-жігері мен білімін жұмсап, өте тыңғылықты орындады.

Ол білім беру саласына алғаш араласқан кезде бүкіл облысымызда 20 шақты ғана типті орта мектеп болса, 80-ші жылдардың ортасында 150 кеңшар мен ұжымшардың барлық орталық қоныстарында осы заманғы орта мектептер, сән түзеген балабақшалар қаулап өскені белгілі. 24 кәсіптік-техникалық училищелер жұмыс істеп, олардың материалдық-техникалық базалары нығайтылды. Оқушылардың өндірістік бригадалары өсті. Пединститутта, техникумдарда шалғай ауылдардан келген қазақ балаларын оқуға алу басталды. Ауыл балаларына 30 пайыз квота берілді.

Қазақ мектептері мен балабақшаларының саны өсе бастады. Оның қарауында болған денсаулық сақтау салаларында да қыруар ілгерілеу болды. Барлық аудан орталықтарында аудандық ауруханалардың жаңа ғимараттары, Повозочное, Чистое, Озерный, Октябрь, Қияды сияқты ірі елді мекемелермен тығыз байланысты болды. Ол облыста өткізіліп

жатын оқу, басқару істерін дамытуға арналған шараларға белсене қатысып отырды. Әлі есімде 1974 жылғы қарашаның бас кезінде Петропавл қаласының №43 мектебінде (директор И. М. Берлин) мектепті басқаруды және бақылауды жақсарту мәселесіне арналған мектеп директорларының облыстық семинар-кеңесі болып өтті. Осынау үлкен жанына мектеп директорлары, аудандық оқу бөлімдерінің меңгерушілері, педагогика институты мен училищесінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Семинар-кеңесті еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитеті төрағасының орынбасары Л.Н. Орлова қысқаша сөз сөйлеп ашты. Семинарға қатысушылар облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі В.И. Сақунның «Жастарға жаппай орта білім беруге көшуді ақтау кезіндегі облыс мектептерінің міндеттері» туралы баяндамасын тыңдап, талқылады. Негізгі баяндамадан кейін сол кездегі мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры Б.Н. Белтоков «Жалпыға бірдей орта білім беруге көшу жағдайындағы басқару мен бақылауды жетілдірудің жолдары» туралы, Петропавл қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі И.Н. Хан «Басқарушының уақыты және уақытты тиімді пайдалану» деген тақырыпта қосымша баяндама жасады. Жарыссөзге шыққан Мамлют аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Л.Ф. Бондаренко, Смирнов орта мектебінің директоры А.Д. Доучаев, Возвышен аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі В.П. Риттер, т.б. мектепке жетекшілік және бақылау жасау жөніндегі ой-пікірлерін сарапқа салды. Семинар-кеңес сонында облыстық партия комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі Қ.Ж. Жүнісов салиқалы сөз сөйлеп семинарға қатысушыларға ақыл-кеңесін айтты.

Қасекен қалалық, аудандық мұғалімдердің август конференцияларына қатысып, сол кездегі талаптарға сай айқын бағыт-бағдар беріп отырды. Сол кездерде облыстық оқу бөлімі 20-30 адамнан бригада құрып аудандарға мектептердің жұмысын тексеріп, қажетті көмек көрсетіп, тексерістің соңында қорытынды кеңес өткізетін. Ол кеңеске аудан басшылары, селолық совет төрағалары, кейбір кеңсар басшылары, мектеп директорлары қатысатын. Бір жылы осындай тексеріс Тимирязев ауданында өткізіліп, оның қорытынды кеңесіне Қасекен қатысты. Ал ол кісі қатысқаннан кейін, өрине, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы мен аудандық атқару комитетінің төрағасы қатысты. Мұнда аудан мектептердің материалдық-техникалық базасының төмендігі сөз болды. Обкомның бөлім меңгерушісі біздің сынымызды құптағаннан кейін аудан басшылары аталған сынды дұрыс түсініп, кемшіліктерді жоюға арналған шаралар белгіледі. Нәтижесінде кейін ол кемшіліктер жойылып, мектептер жұмысы ілгері алға басты. Осылай көптеген

жағдайда Қасекең бізге көмегін тигізіп отырды. «Жақсыдан шарапат» - деген осы емес пе?!

Қасым Жүнісулы мұғалімдердің еңбегін әрқашан дұрыс бағалап отырды. Ол тіпті олар туралы облыстық газеттерге мақала да жазатын. Мысалы, облыстық «Ленин туы» газетінің 1977 жылғы І-ші қазандағы санында оның мұғалімдер күні мерекесіне арналған «Биік баспалдақтар» атты мақаласы жарияланды. Осы естелігімде сол мақаладан үзінділер келтіруді жөн көріп отырмын.

«Облыстың он мыңнан астам педагогтары бұл күнге ел қуанарлық тамаша табыстармен келді. Халық ағарту қызметкерлері партия алға қойған міндеттердің ұлылығы мен жауаптылығын терең сезіне отырып, өздерінің күш-жігерлерін оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға, оқушыларға идеялық-саяси, адамгершілік және еңбек тәрбиесін беруді күшейтуге жұмылдыруда. Олардың мұндай аса игілікті еңбектері үшін совет халқы әрқашан алғысын білдіреді» - дей келіп, ол одан әрі: «Бүгінгі мұғалім мектеп класындағы немесе студенттер аудиториясындағы ұстаз ғана емес, ол сонымен бірге насихатшы да, үгітші де, саяси хабаршы да, лектор да, сондай-ақ ол өздерінің кешегі шәкірттері өсірген мол астық жолындағы күресті ұйымдастырушылардың бірі» - деген.

Қасекеңнің бұл сөздері қазір де өзінің құндылығын жойған жоқ. Ол «Мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелер алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі-кәсіптік бағдар беру. Әрбір ұлан мен өрен жұмысшы мамандығын меңгеруі тиіс...» деген еді. Бұл талап қазіргі таңда да алда тұрған міндеттердің маңыздыларының бірі екенін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та өзінің Жолдауларында әрқашан ескертіп келеді.

Одан әрі Қасекең мұғалімдерге арналған жылы лебізін былай білдіреді: «Біз бүгіндері өздерінің еңбектерімен халық құрметіне бөленген, партия мен Совет үкіметінің жоғары бағаларына ие болған тамаша ұстаздарымызды мақтан етеміз. Қазіргі уақытта іс-тәжірибелері баршаға айғақ, білімді де іскер жүздеген педагогтар Отанымыздың ордендерімен, медальдарымен наградталып, «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі атағына ие болып отыр», - дей келе, жуырда ғана «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» атағын алған Сергеев ауданындағы Ленин орта мектебінің мұғалімі Қ.Б. Базарбаева мен қаламыздағы №11 мектебінің мұғалімі Е.А. Золотилина және жоғары құрметке ие болған басқа да бірнеше ұстаздардың есімдерін зор ризашылықпен атап өтеді.»

Қасекең зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қол қусырып үйінде бос отырған жоқ, көпшілік қоғамдық шаралардың бел ортасында жүрді. Ол облыстық ардагерлер кеңесінің белді мүшесі

ретінде көптеген қоғамдық жұмыстар жүргізеді. 1989 жылы оның бастауымен облыстық ардагерлер кеңесінің мәдени-ағарту комиссиясының жанынан «Ардагер» клубы ашылған болатын.

Содан бері ол осы клубты 15 жылдан аса басқарып келді. Тек соңғы жылдары соғыста жарақаттанған аяғы сыр беріп жүру қиындығы бастағалған соң ғана бұл жұмысты өзінің жасырақ шәкірттеріне тапсырды.

Қасекең – қашанда сабырлы, әр істі ойланып істейтін және істеген ісін тыңғылықты атқаратын адам. Сонымен бірге ол - өте қарапайым, кішіпейіл, кімге болса да көмектесуге дайын тұратын адам.

Біз онымен бірге қызмет атқарған жылдары одан тиянақтылықты, адалдықты, қарапайымдылықты, кішіпейілділікті үйрендік. Қасекеңді осы күнге дейін облыс жұртшылығы қатты сыйлайды. Оның өмір жолы мен атқарған қызметіне адалдығы мен ұқыптылығы – кімге болса да үлкен өнеге.

Қасекеңнің отбасын да үлгілі отбасылардың бірі деуге болады. Ол өзінің құдай қосқан қосағы Иранбағы Жазитқызымен 54 жыл бойы тату-тәтті тұрмыс құрып келеді. Олардың тәрбиелеп өсірген балалары – жоғары білімді мамандар.

Үлкен қызы Жаңылжан – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан саясаттану ғылымының академигі, Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университетінің Дипломатиктық академиясының кафедра меңгерушісі, бірнеше ғылыми кітаптардың авторы.

Болат – жоғарғы дәрежелі дәрігер-кардиолог. Қаламыздағы №2 аурухананың кардиоранимация бөлімінің бас маманы.

Ботагөз – биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Павлодар мемлекеттік университетінің биология кафедрасының меңгерушісі болып істеген. Қазіргі кезде Арқалық пединститутында докторлық диссертациясын дайындауда.

Мұрат – жоғарғы білімді экономист. Алматы қаласында тұрады.

Болаттан туған немерелері:

1) Ақбота «Туран» университетін бітіргеннен кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы өкілдеріне қызмет атқарады. Қазір Сауда-өндірістік палатада юрист (заңгер) болып істейді.

2) Қарлығаш – Л.Н. Гумилев атындағы университетті бітірген. Қазір Астанада «АЛЖИР» мұражайында ғылыми қызметкер, ағылшын, француз, испан тілдерін жақсы біледі.

Қасекеңнің Ақботадан туған шөбересі Ерболат 1-ші сыныпта оқып жүр, оқу озаты.

БАҚЫТТЫ ЖАН

Кешегі Ұлы Отан соғысына қатысқан алдыңғы толқын агалар қазіргі кезде алды 80-нен асып, соңы сол 80-ге жақындап жүр. Сондай соғыс ардагерлерінің бірі- Қасым Жүнісов. Ол бұрынғы Бейнетқор, қазіргі Аққайын ауданының бір шағын қазақ ауылында дүниеге келіпті. Ол кезде он шақты үй бір ауыл болып отыра берген. Кейін ұжымдастыру кезінде сондай бірнеше шағын ауылдар көшіп келіп осы күнгі Аралағаш ауылы тұрған жерге орналасып колхоз құрыпты.

Бірақ көп ұзамай отызыншы жылдардың басында Голощекиннің "Кіші Октябрінің" салдарынан елде аштық бел алады. Көп адамдар аштықтан қырылып, тіпті кейбір үйлердің шаңырағы жабылып қалады. Бұл нәубет Қожахмет отағасының үйін де шарпып өтеді. Үй иесі Қожахмет 1932 жылы сол аштықтан қайтыс болады. Артында сүйген жары Рахила, егіз туған 8 жасар Қаншайым мен Қасым, 4 жасар Қайынжамал қалады. Үйде киерге киім, ішерге тамақ қалмаған қиын жағдайда анасы Рахила екі қызын амалсыздан балалар үйіне беріп, жалғыз ұлы Қасымды не көрсек те, бірге көрейік деп, өз жанында қалдырады. Екеуі аштықтың зардабын көп көреді. Тіпті қаужайтын тамақ таусылған соң, малдың терісін, көдімгі қайыс божы, қамыттың құлақбауы, жүгеннің тізгіні сияқты ат тұрмандарын қара суға қайнатып жеген күндері әлі күнге ұмытылмапты.

Сөйтіп жүріп ол ауылда оқуға барады. Бірақ 1-ші класты бітірген кезде тұрмыс өте қиындап кетеді де, шешесі жас Қасымды Рублевка селосындағы балалар үйіне береді. Мұны басқа ауылда тұратын әкесі Қожахметтің інісі Жүніс естіп, өз үйінің де тұрмысының ауырлығына қарамастан, Қасымды балалар үйінен шығарып алып, өз бауырына салады.

Содан соң ол кісі сол кездегі заманның ыңғайын байқап, "Балам, сен енді қазақша оқымай-ақ қой, орыс тілін білмегендер көп қиыншылық көріп жүр ғой", - деп Қасымды Рублевкадағы орыс мектебіне оқуға береді. Аралағаштан оқуға бірге түскен досы Сейілбек Тілеулин екеуі жаяулап-жалпылап жүріп, Рублевканың 7 жылдық мектебін 1940 жылы бітіріп шығады.

"Әрі қарай оқуға тұрмыс жағдайы жібермеді", - деп еске алады Қасекең. - Колхозда есепші де, жанармай тасушы да болдым. Ауылдан

Бейнетқор МТС-ына өгізбен итшілеп жеткенше, Игілік, Жаңақоныс, Мангүл деген қазақ ауылдарын басып өтетін едік. Ойхой, қазір солардың бірі де жоқ.

Осылай 1942 жылдың қазан айына дейін колхозда жұмыста жүрген Қасым жасы жетіп, әскер қатарына шақырылады. 1942 жылдың қазан айы соғыстың қайнап тұрған тұсы болатын. 18-ден жуырда ғана асқан бозбала Қасым аудандық әскери комиссариаттан жалғыз аттанып, бірнеше тәулік бойы жол азабын тартып, Ташкентке келіп бір-ақ түседі. Ауданда берілген жолдамада көрсетілген пулеметшілер мектебі Ташкенттің түбіндегі Шыршық қаласында екен. Осында 3 ай оқығаннан кейін бұларды Ауғанстанмен шекаралас Термез қаласына ауыстырады. Жарты жылдан кейін, 1943 жылдың маусым айының басында жақсы оқыған 20-25 курсантты оқуын мерзімінен бұрын бітіртіп, кіші лейтенант атағын беріп, әйгілі Курск иініне өкеледі.

Бұл фашистік Германияның Сталинград жеңілісінен кейін қарымта қайыру үшін бар күшін жинап Курск, Орел бағыттарында ұрасан зор шабуылға кіріскен кезі болатын. Жаңа ғана майданға келген жас курсант-офицерлер соғыстың нағыз қанды қырғын кезеңіне тап болып, Қасым қиян-кескі шайқасқа 2-ші Степной майданының 53-ші армиясындағы 214-ші атқыштар дивизиясы құрамында пулемет взводының командирі болып кірген-ді. Ол майдан оқпақтарымен Харьковті, Полтаваны, Кременчугті жаудан босатуға қатысып, Кировоградқа жетеді.

1944 жылдың қақаған суық қаңтарында осы қала маңында болған шайқаста снаряд жарықшағы оның екі аяғын бірдей жаралайды. Бірсыпыра уақыт қансырап ессіз жатады. Әйтеуір оны санитарлар тауып алып, санбатқа өкеледі.

Сонда алғашқы жәрдем жасалғаннан кейін, араға бірнеше күн салып Харьков қаласындағы госпитальға жеткізіледі. Осында оның екі санынан он шақты снаряд жарықшақтары алынады. Аз-мүз ес жинағаннан кейін оны санитарлық поезбен елдің шығыс шетіндегі Чита қаласына жеткізеді. Ондағы әскери госпитальда табандаған 8 ай жатып емделеді.

1944 жылдың күзінде комиссия оны сапта жүруге жарайды деп табады да, Чита облысындағы шекараның 31-ші бекініс ауданына жібереді. "Сонда жапондарға қарсы 1945 жылдың 8-ші тамызына дейін тұрдық," - дейді Қасекең. - Ал 8-тамыз күні Жоғары Қолбасшының бұйрығымен Жапонияға қарсы соғыс жарияланғаны белгілі. Сөйтіп, Манчжурия шекарасына өтіп, Хайлар, Харбин қалаларын алдық та, қыркүйектің басында бұрынғы бекініс ауданына

қайта оралдык. Мұнда Даурия деген жерде 1947 жылдың сәуіріне дейін қызметімді орындап елге оралдым.

Қасекең жеті жыл үзіліп қалған оқуын жалғастырады. Ол алдымен Петропавл мұғалімдер институтына оқуға түседі. Бірақ емтиханға жақындаған кезде, аттестатсыз түсуі заңсыз болып шығып, Петропавл педучилищесіне ауыстырылады.

Мұғалімдер институтын бітірген жас маман Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Ильинка 7 жылдық мектебінде тарих пәнінен сабақ береді өрі оқу ісінің меңгерушісі болады. Бірақ көп істеудің сәті болмайды. Кешегі майдангер, жүрегінің жалыны бар жас жігітті облыстық партия комитеті шақыртып алып, Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің облыстық басқармасына қызметке жібереді. Осы органда 4 жыл істеген соң партия қызметіне жоғарылатылды

Ол кейін Омбы пединституты, Алматы Жоғары партия мектебін бітірді. Облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, ұзақ жыл обкомның ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі болды.

Ол білім беру саласына алғаш араласқан кезде бүкіл облысымызда 20 шақты ғана типті орта мектеп болса, 80-ші жылдардың ортасында 150 кеңшар мен ұжымшардың барлық орталық қоныстарында осы заманғы орта мектептер сән түзеген. Балабақшалар да бұл жылдары қаулап өскені белгілі.

- Қазып айтса, әңгіме туындай береді ғой, -дейді Қасекең. Жоғымызды енді түгендеп жатырмыз. Өзім куәмін: қазақ мектептерінің жабылуы жоғарыдан емес, төменнен - қазақ ауылдарының өзінен басталған. Мұның себептері де болды. Пединститутта. он шақты техникумдарда, толып жатқан кәсіптік-техникалық училищелерде қазақ бөлімдері болмады. Қазақ мектептеріне мұғалімдер жетіспеді. Осыларды түзеуді кеш қолға алғанымыз рас. Кейінірек пединститутта, техникумдарда шалғай ауылдардан келген қазақ балаларын оқуға алуға орындар бөліне бастады. Оқушылардың өндірістік бригадалары өсті.

Қасекең өзі айтқандай, оның қарауында болған денсаулық сақтау саласында да сол кезде қыруар ілгерілеулер болды. Оқу, денсаулық сақтау салаларының материалдық базасын нығайтуға қаладағы Қорғаныс министрлігінің кәсіпорындары көп көмек көрсеткенін атап айту қажет, - деді ол Оның қызмет еткен кезінде барлық аудан орталықтарында аудандық ауруханалардың жаңа ғимараттары, Повозочное, Чистов, Озерный, Октябрь, Қиялы сияқты ірі елді мекендерде учаскелік ауруханалар бой көтерді. Өзі қызмет істеген тұстағы обком хатшылары І.О. Омаровтан,

В.П. Демиденкодан, Ө.Н. Шмановтан тәлім-тәрбие алғанын да ерекше атайды.

Қасым Жүнісұлы сексеннің белесіне тың да қуатты қалпында жетіп отыр. Ол кейбіреулердей жан сақтаудың жемі осы екен деп, үйде бұйығып жата бермейді, қол қусырып бос және отыра алмайды. Көпшілік қоғамдық шаралардың бел ортасында жүреді.

1989 жылы Қасекеңнің бастауымен облыстық ардагерлер кеңесінің мәдени-ағарту комиссиясының жанынан "Ардагер" клубы ашылған болатын. Содан бері осы клубты басқарып келеді. Клуб мүшелері екі айда бір жиналып мәжіліс өткізеді, елімізде болып жатқан жаңалықтармен танысады, кейбір тұрмысы төмен ардагерлерге көмек беруді ойластырады. Қасым Жүнісұлы сондай-ақ облыстық жетім балалар мектеп-интернатының №6 отбасының қамқоршысы ретінде жетім балалармен кездесу өткізіп тұрады.

Қасекең соғыстағы ерлігі мен бейбіт кездегі ерен еңбегі үшін көптеген наградлардың иегері болды. Оның омырауында "Қызыл Жұлдыз", екінші дәрежелі Отан соғысы, "Халықтар достығы", "Күрмет" ордендері мен 16 медаль жарқырайды.

Қасым Жүнісұлы өзінің құдай қосқан қосағы Иранбағы Жәзитқызымен 54 жыл бойы тату-тәтті тұрмыс құрып келеді. Олардың тәрбиелеп өсірген балалары да – ата-аналары сияқты жоғары білімді мамандар.

Үлкен қызы Жаңылжан - саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан саясаттану ғылымы Академиясының мүшесі, Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеттің Дипломатиялық Академиясының кафедра меңгерушісі, бірнеше ғылыми кітаптардың авторы.

Болат – жоғары дәрежелі дәрігер-кардиолог, қаламыздағы №2 аурухананың кардиореанимация бөлімінің бас маманы. Ботагөз - биология ғылымдарының кандидаты, доцент, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің биология кафедрасының меңгерушісі. Мұрат - Алматы қаласында.

Болаттан туған немерелері: Ақбота 2001 жылы "Тұран" университетін бітірген, қазір Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы Уәкілдігінде қызметте.

*«Солтүстік Қазақстан» газеті
24 сәуір, 2006 жыл*

КОРЧЕВСКИЙ Владимир Евгеньевич,
старший преподаватель СКГУ им. М.Козыбаева,
ветеран педагогического труда,
в 1980-1987 гг. - инструктор отдела науки
и учебных заведений
Северо-Казахстанского обкома партии

ЧЕЛОВЕК – ГРАЖДАНИН, ЧЕЛОВЕК – ПАТРИОТ

Миллионы черточек составляют портрет человека. Что главное в нем, в чем основа? Какие мы бываем в самые разные моменты нашей жизни? И что всего правдивее представляет наш истинный облик – отражение в собственном зеркале или след в чьей-то памяти?

Когда-нибудь исследователи опишут события рубежа двух веков. И наверняка, они дадут этой эпохе много разных определений. А также отметят, что это были годы удивительные по своей стремительности, когда часами и днями исчислялись мгновенные перемены в умах, озарением становились истины. Но для Касыма Джунусовича эти прожитые годы пропущены через сердце и душу.

Касым Джунусович обладает особым человеческим даром, дающим возможность точно и тонко ощущать потребности, нужды и чаяния коллег. Он имеет чутье, позволяющее отражать в своих ощущениях ход времени.

Эти качества и опыт простого человеческого общения, а также высокой культуры поведения, гуманности и порядочности реализуется на всем протяжении жизненного пути Касыма Джунусовича.

Меня всегда привлекало и вызывало чувство глубокого уважения и признательности способность Касыма Джунусовича выслушать человека, дать добрый совет, оградить от неверного решения, промахов и ошибок. Для многих из нас, и в первую очередь для меня лично, он был старшим и мудрым руководителем, выдержанным, корректным и доброжелательным в отношениях человеком.

Легко говорить о Касыме Джунусовиче по той простой причине, что какую бы должность он ни занимал, он всегда остается, прежде всего, Человеком. Человеком слова и дела, высоких моральных принципов и твердых жизненных устоев, высокочеловеческим руководителем и партийным работником.

Учитывая его неторопливость, тихую речь и в то же время живой склад ума и цепкий взгляд, создается образ Касыма Джунусовича как высоконравственной личности, прекрасного партийного руководителя.

Меня всегда удивляло его знание положения дел в каждой школе, в каждом учебном заведении, в больницах и поликлиниках области. Слушая мои доклады о положении дел в районах, он интересовался, а построена ли в этой школе мастерская, а в каком состоянии пришкольный участок, теплица и т.д. и всегда интересовался людьми, их здоровьем. Он всегда спрашивал, как работает секретарь партийной организации школы, как она себя чувствует, не нужна ли ей помощь. То есть это человек дела, человек ответственный и в то же время большой душевной теплоты.

В день Вашего юбилея, уважаемый Касым Джунусович, выражаю особую благодарность Вам за участие в моей судьбе. Со временем понимаю, как много Вы сделали для меня, для моей семьи.

От души хочется пожелать Вам, уважаемый Касым Джунусович, крепкого здоровья, душевного спокойствия и семейного счастья на долгие годы.

Пусть в этот день и навсегда
Уйдут печаль и суета
А к Вам придут улыбки, смех
И поздравления от всех.

Пусть счастье посетит Ваш дом
Но только не случайным сном
А избрет его навек
И не уйдет как вешний снег

А чтоб не стало скучно вдруг
Пусть рядом будет добрый друг,
Любовь и мир своим крылом
От всех невзгод спасут Ваш дом!

Желаю Вам, Касым Джунусович, Вашей супруге – Иранбагы Жазитовне, сыновьям, дочерям и внукам, а также всем Вашим родным и близким здоровья и самых наилучших благ. Долгих лет Вам жизни!

Пусть будет вечен род Джунусовых!

ТЕПЛИНСКАЯ Нина Антоновна,
ветеран труда,
в 1970-1980 г.г. - инструктор отдела науки,
учебных заведений, здравоохранения
Северо-Казахстанского обкома партии

НЕ СТАРЕЮТ ДУШОЙ ВЕТЕРАНЫ

Воспоминания о совместной работе с Касымом Джунусовичем переносят в далекий 1974 год.

Первое знакомство состоялось в химической лаборатории Петропавловского медучилища, где работала преподавателем химии на фармацевтическом отделении. Касым Джунусович вместе с директором Логань Иваном Яковлевичем вошли, когда я проводила практические занятия по органической химии с фармацевтами. Касым Джунусович задал мне всего два вопроса, которым я не придала особого значения. Нравится ли мне работа, и не думаю ли я поменять род деятельности? На первый вопрос я ответила, что работа с молодежью мне очень нравится, к тому же химия у фармацевтов профилирующий предмет, к усвоению знаний у них самое серьезное отношение. Что касается второго вопроса, то в мыслях у меня никогда не возникало такого желания. Я была довольна своим выбором.

Вскоре после визита Касыма Джунусовича в медучилище меня пригласили в обком партии. Ни о чем не подозревая, я явилась в обком, считая, что это касается моей общественной работы, т.к. в течение семи лет я возглавляла партийную организацию медучилища, была ее секретарем. Секретарь парторганизации в учебном заведении наравне с администрацией нес такую же ответственность. Относительно своей общественной работы я была спокойна, т.к. несколько месяцев назад горкомом партии опыт работы нашей партийной организации был оценен как положительный. Я была уверена, что ко мне не может быть никаких претензий, совершенно не допуская мысли, что этот визит в обком партии круто изменит мои жизненные планы.

После собеседования с Касымом Джунусовичем, а затем с секретарем обкома по идеологии Шмановым А.Н. меня вскоре на бюро утвердили инструктором отдела науки, учебных заведений, здравоохранения. Отделом руководил Касым Джунусович. В ведении отдела были здравоохранение, социальное обеспечение, наука и учебные заведения. Многопрофильность отдела требовала четкости,

компетентности в работе. Наверное нигде так не высвечиваются грани человеческой личности, как в совместной работе. Я с чувством глубокой благодарности вспоминаю то время, когда мне более десяти лет довелось работать в этом отделе.

Хотя работа весьма ответственная, но и не менее интересная, требующая концентрации внимания и кардинального решения вопросов, так как обком партии был ведущим органом власти. Результат работы зависел непосредственно от руководителя отдела. Касым Джунусович личным примером показывал добросовестное отношение к работе. Принципиальный, объективный, с твердым подходом к делу. А поэтому и мы не могли поступать иначе.

Авторитет областного комитета партии в общественно-политической жизни был высок и непререкаем. Проводился тщательный подбор кадров в аппарат обкома, к сотрудникам предъявлялись повышенные требования. Дисциплина, ответственность, компетентность, порядочность – такими качествами должен был обладать партработник. И нам было с кого брать пример.

Охрана здоровья человека во все времена является одной из важнейших социальных задач. Чтобы повысить качество лечебно-профилактической помощи населению области первоочередными задачами были: укрепление материально-технической базы учреждений здравоохранения, работа с кадрами, лекарственное обеспечение. Нередко приходилось работать с больными, недовольными качеством оказания медицинской помощи.

В области началось активное строительство отраслевых профилакториев. Большинство предприятий считало делом чести иметь свой оздоровительный центр. Строились больницы, поликлиники, фельдшерско-акушерские пункты. В крупных совхозах были созданы здравпункты. В области действовали 6 профилакториев, два из них были в системе образования. В городе были выстроены лечебные корпуса II городской, областной и детской областной больниц, I и IV поликлиник. В области насчитывалось 12 ЦРБ, 42 участковых больниц, 17 врачебных амбулаторий, 365 ФАПов, которые были практически в каждом населенном пункте. Совершенствовалась специализированная медицинская помощь. Заботясь о подготовке медицинских кадров, мы добились через министерство здравоохранения целевого приема выпускников средних школ нашей области в Целиноградский мединститут. По линии социального обеспечения в области открылся Смирновский дом для престарелых одиноких людей, дома-интернаты для психохроников, протезно-ортопедический завод. На постоянном

контроле в отделе стояли вопросы улучшения материально-бытовых условий инвалидов, участников Великой Отечественной войны, семей погибших воинов.

Во всех учебных заведениях внедрялись новые формы обучения, строились новые школы, дошкольные учреждения, профтехучилища, техникумы. Конечно, уровень технической оснащенности был далек от нынешнего. Лингафонных кабинетов было недостаточно, а о компьютерах даже не мечтали. И тем не менее деятельность педагогических коллективов была направлена на повышение качества обучения и воспитания школьников и студентов. А сколько усилий прилагалось на реализацию Закона о всеобщем! Была разработана концепция о всеобщем среднем образовании, которая актуальна и сегодня.

Столь огромный участок работы был под силу человеку, прошедшему горнило войны, с его трудолюбием, неумемной энергией и инициативой. Мы, как могли, старались разделить с ним эту ношу. В отделе царил хороший рабочий микроклимат. С Касымом Джунусовичем было приятно работать: врожденный такт, внимательное отношение, полное доверие, поручения дважды не повторялись, ненавязчиво учил правильно работать. Понимая меру ответственности, мы с моим коллегой Корчевским В.Е. (ныне преподаватель университета) старались не подвести своего шефа.

Ветеран войны, с ранениями ног, в преклонном возрасте Касым Джунусович и ныне в боевом строю. Казалось бы, он, как и большинство его сверстников, должен отдыхать, всецело отдавать себя семейным заботам, заниматься внуками и правнуками. Но не такой характер у Касыма Джунусовича. Своим отношением к жизни он подтверждает поговорку «Не тот стар, кто годами взял, а тот стар, кто душой увял». Душа у него действительно молодая. Более 20-ти лет назад они с Лидией Николаевной Орловой создали клуб «Ветеран». Много хороших, интересных дел на счету клуба, благодаря его энтузиастам. Встречи с молодежью, интересными людьми, праздничные вечера за чашкой чая – все это вносит в жизнь пожилых людей приятное ощущение сопричастности к современной жизни.

Своим «вирусом» Касым Джунусович заразил и меня. Я прошла хорошую школу общественной работы. Уже много лет после выхода на пенсию, работаю в областном совете ветеранов и Комитете Красного Полумесяца. Есть опыт, есть знания, есть силы – почему бы не поработать во благо людей?

Касым Джунусович, как и все мы, радуется позитивным изменениям в нынешней жизни, особенно в области образования, науки, здравоохранения, социальной защиты, культуры.

О таких как Касым Джунусович можно сказать: не стареют душой ветераны. Траектория его жизненного пути выбрана правильно. Он хороший семьянин, воспитавший четырех детей, которые под стать своим родителям стали достойными людьми.

Касым Джунусович награжден 4-мя орденами, 16-ю медалями. Ордена «Дружбы народов» и «Курмет» он заслужил в мирное время.

Здоровья Вам, Касым Джунусович, благополучия и большого лучезарного человеческого счастья Вам и Вашей многочисленной дружной семье!

НЕКРАСОВ Михаил Спиридонович,
профессор СКГУ им. М.Козыбаева

ВЕСОМЫЙ ЖИЗНЕННЫЙ РУБЕЖ КАСЫМА ДЖУНУСОВИЧА

Моя семья приехала в город Петропавловск в 1966 году в связи с моим направлением после окончания аспирантуры в городе Свердловске в Петропавловский педагогический институт. Работая деканом естественно-географического факультета, я ощущал требовательное, строгое, но справедливое отношение к работе нашего института со стороны заведующего отделом науки и учебных заведений Северо-Казахстанского обкома компартии Казахстана Касыма Джунусовича. Позднее (в 1975г.), когда меня назначили проректором по научной работе при поддержке Касыма Джунусовича, влияние его воспринималось сильнее и действеннее на все направления деятельности профессорско-преподавательского коллектива.

